



010011, Астана қаласы, Женіс данғылы, 60  
тел.: 8 (7172) 69-51-00, 69-52-67  
e-mail: info@testcenter.kz

010011, город Астана, проспект Победы, 60  
тел.: 8 (7172) 69-51-00, 69-52-67  
e-mail: info@testcenter.kz

02.10.2017 № 15-10-714-1406

## Астана, Алматы қалаларының және облыстық білім басқармалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі - Орталық) ағымдағы жылы мерзімінен бұрын аттестаттауға үміткер педагог қызметкерлерге онлайн байқау сынағын тапсыру мүмкіндігін ұсынады. Онлайн байқау сынағы арқылы педагог өзінің біліктілік деңгейін тексеріп, бағдарламалық қосымшаның интерфейсімен таныса алады.

Онлайн байқау сынағы ақылы түрде өткізіледі. Бір реттік тестілеу құны - 264 теңге. Тестілеу ақысын Орталықтың реквизиттері бойынша Халық банкі, Астана банкі немесе Казпошта, сонымен қатар «Касса 24» терминалы арқылы төлеуге болады (төлем туралы толық ақпарат [www.testcenter.kz](http://www.testcenter.kz) сайтында берілген).

Төлемақы Халық банкі немесе Казпошта арқылы жүргізілген жағдайда, тестіленуші түбіртектегі Орталық филиалына тапсырады және тестілеуге арналған сілтеме мен парольді алады.

Әрбір тестіленушінің байқау сынағын бірнеше рет өту мүмкіндігі бар.

Тестілеу нәтижесі сол сәтте шығады, еш жерде жарияланбайды және педагогтың кәсібіне әсер етпейді.

Онлайн байқау сынағы туралы ақпараттың барлық педагог қызметкерлерге жеткізілуіне ықпал етуіңізді сұраймыз.

Директордың  
міндетін атқарушы

М.Жумадилов

Орынд: Касенаева А.  
тел.: 69-52-88